

**"Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізуге атtestатталатын занды тұлғаларға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 299 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 92 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 4 сәуірде № 27382 болып тіркелді

**ЗКАИ-ның ескертпесі!**

**Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізуге атtestатталатын занды тұлғаларға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 299 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 5 ақпанда № 10188 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстар, жүргізуге атtestатталатын занды тұлғаларға қойылатын талаптар, осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жана редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті заңнамада белгіленген тәртіpte:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы

Төтенше жағдайлар министрі

2022 жылғы 31 наурыздағы

№ 92 Бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму

министрі міндеттін атқарушының

2014 жылғы 26 желтоқсандағы

№ 299 бұйрығымен

бекітілген

## **Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізуге атtestатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптар**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізуге атtestатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-2-бабының 16) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізуге заңды тұлғаларды атtestаттау өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстардың мынадай түрлерін орындауға заңды тұлғаның құқылығын ресми тануы мақсатында жүргізіледі:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізу;  
2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мамандарды, жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау;

3) жарылыс жұмыстары саласында сараптама жүргізу;  
4) газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүргізу;  
5) лифтілерді, эскалаторларды, траволаторларды, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектерге) арналған көтергіштерді монтаждау, техникалық қызмет көрсету, техникалық диагностикалау, техникалық куәландыру және жөндеуді жүргізу.

### **2-тaraу. Өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізу құқығына атtestатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптар**

#### **3. Мыналарға:**

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 71-бабының 2-тармағында көрсетілген қауіпті техникалық құрылғыларға;

қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларға, техникалық құрылғыларға, материалдарға (құрылыс материалдарын қоспағанда);

өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына атtestat алу кезінде мәлімделген жұмыс түрлеріне, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне заңды тұлғаларға;

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы сараптамаға жататын жобалау құжаттарға өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізу құқығына үміткер заңды тұлғада:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізу үшін нормативтік техникалық құжаттары, оқу-әдістемелік материалдары;

2) қауіпті техникалық құрылғылардың, технологиялардың, техникалық құрылғылардың, материалдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сараптама жүргізуге арналған меншік құқығындағы немесе өзге заңдық негіздегі материалдық-техникалық жарақталуы (сертификатталған аспаптар, өлшеу және бақылау құралдары);

3) тұрақты жұмысқа рәсімделген, жоғары техникалық білімі және қауіпті өндірістік объектілерде бес жылдан астам практикалық жұмыс тәжірибесі бар және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы даярлаудан және білімін тексеруден өткен кемінде үш маманы;

4) мамандар және меншік құқығындағы немесе өзге заңдық негіздегі бұзбай бақылау зертханасы болуы тиіс.

4. Өзге де заңды тұлғалардың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына атtestat алуы кезінде мәлімделген жұмыс түрлеріне және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізу құқығына үміткер заңды тұлғаның осы Талаптардың З-тармағында белгіленген талаптарға қосымша:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізуін кемінде бес жылдық тәжірибесі ;

2) тұрақты жұмысқа рәсімделген, жоғары техникалық білімі және қауіпті өндірістік объектілерде он жылдан астам практикалық жұмыс тәжірибесі бар және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы даярлаудан және білімін тексеруден өткен кемінде үш маманы бар.

### **3-тaraу. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мамандарды, жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау құқығына атtestattalatын заңды тұлғаларға қойылатын талаптар**

5. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мамандарды, жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау құқығына үміткер заңды тұлғада:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мамандарды, жұмыскерлерді даярлауға, қайта даярлауға арналған, нормативтік техникалық құжаттары, оқу-әдістемелік материалдары , құралдары;

2) өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары бойынша оқу жоспарлары және оқыту бағдарламалары;

3) оқыту сапасын бақылауды ұйымдастыру жүйесі;

4) компьютерлік техникамен, көрнекі құралдармен жарақталған меншік құқығындағы немесе өзге заңдық негіздегі оқу сыныптары (аудиториялары), оқушылардың өндірістік практикасына арналған базасы;

5) оқу ұйымының штатына кіретін кәсіби оқытушылары және (немесе) тиісті жоғары техникалық білімі бар және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы даярлаудан және білімін тексеруден өткен мамандары бар.

#### **4-тaraу. Жарылыс жұмыстары саласында сараптама жүргізу құқығына атtestатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптар**

6. Жарылыс жұмыстары саласында сараптама жүргізу құқығына үміткер заңды тұлғада:

1) тұрақты жұмысқа рәсімделген, жоғары техникалық білімі және жарылыс жұмыстарында бес жылдан астам практикалық жұмыс тәжірибесі бар және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы даярлаудан және білімін тексеруден өткен кемінде үш маманы;

2) жарылыс жұмыстары саласында сараптама жүргізуге арналған сертификатталған аспаптармен, өлшеу және бақылау құралдарымен жарақталған меншік құқығындағы немесе өзге заңдық негіздегі материалдық базасы;

3) жарылғыш заттарға сынақтар жүргізуге арналған меншік құқығындағы немесе өзге заңдық негіздегі полигоны бар.

#### **5-тaraу. Газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүргізу құқығына атtestатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптар**

7. Газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына үміткер заңды тұлғада:

1) тұрақты жұмысқа рәсімделген, техникалық білімі және газбен жабдықтау объектілерінде кемінде үш жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар және газбен жабдықтау жүйесін және қысыммен жұмыс істейтін жабдықты пайдалану барысындағы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы даярлаудан және білімін тексеруден өткен кемінде бес маманы;

2) газбен жабдықтау жүйелерін зерттеп-қарау, техникалық құрылғыларды, материалдарды пайдаланудың қалдық мерзімін анықтау бойынша есептемелер жүргізу және газбен жабдықтау жүйелерінің өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізу әдістемесі;

3) меншік құқығындағы немесе өзге зандық негіздегі өндірістік ғимараттар мен жабдықтары (цех, шеберхана), станок паркі, механизмдері, құрал-саймандары, бақылау-өлшеу аспаптары;

4) мыналарды:

көрсетілетін қызметтер сапасын өндірістік бақылауды;

метрологиялық бақылауды (бақылау-өлшеу аспаптарын жөндеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі мамандар, бұзбай бақылау әдістерінің мамандары мен аспаптары) қамтамасыз ететін қызметі бар.

**6-тарау. Лифтілерді, эскалаторларды, траволаторларды, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектерге) арналған көтергіштерді монтаждау, техникалық қызмет көрсету, техникалық диагностикалау, техникалық куәландыру және жөндеуді жүргізу құқығына аттестатталатын занды тұлғаларға қойылатын талаптар**

8. Бір немесе бірнеше қауіпті техникалық құрылғыларды (лифтілер, эскалаторлар, траволаторлар, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектерге) арналған көтергіштер) монтаждау жұмыстарын жүргізу құқығына үміткер занды тұлғада:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы даярлаудан және білімін тексеруден өткен жоғары техникалық білімі бар кемінде бір маманы (не жоғары білімі және осы саладағы еңбек өтілі бес жылдан кем емес бір маманы) және орта техникалық білімі бар екі маманы немесе жоғары техникалық білімі бар екі маманы (не жоғары білімі және осы саладағы еңбек өтілі бес жылдан кем емес екі маманы);

2) жоғары техникалық білімі бар жұмыскерлер үшін жұмыс өтілі екі жылдан кем емес; орта техникалық білімі бар жұмыскерлер үшін үш жылдан кем емес;

3) меншік құқығына немесе өзге де занды негізге жататын өндірістік үй-жайлары, ғимараттары мен құрылыштары;

4) монтаждау жұмыстарын жүргізуге қажетті құрылымдар, көлік құралдары, технологиялық жарактау құралдары, қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдары, бақылау және өлшеу құралдары:

жұмыстарды орындауға арналған құралдары, механизмдері мен құрылғылары (дәнекерлеу аппараты, монтаждау шығыры, жүк қапсыру құрылғылары, слесарлық құрал-сайман, биіктікегі жұмыстарды жүргізуге арналған жеке қорғаныш құралдары);

5) занды тұлғада орындалатын монтаждау жұмыстарының сапасын қамтамасыз ету үшін ішкі құжаттары;

6) занды тұлғада мамандар мен жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау жөніндегі мамандандырылған ұйыммен жасалған шарты бар.

9. Бір немесе бірнеше қауіпті техникалық құрылғыларды (лифтілер, эскалаторлар, траволаторлар, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектерге) арналған көтергіштер) жөндеу және (немесе) техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу құқығына үміткер занды тұлғада:

1) Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы даярлаудан және білімін тексеруден өткен жоғары техникалық білімі бар кемінде бір маманы немесе жоғары білімі бар және осы саладағы жұмыс өтілі бес жылдан кем емес бір маманы;

2) Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы даярлаудан және білімін тексеруден өткен орта техникалық білімі бар кемінде бір маманы бар;

3) жоғары техникалық білімі бар жұмыскерлер үшін екі жылдан кем емес үздіксіз жұмыс өтілі;

4) орта техникалық кәсіптік білімі бар жұмыскерлер үшін кемінде үш жыл үздіксіз еңбек өтілі;

5) меншік құқығына немесе өзге де занды негізге жататын өндірістік үй-жайлары, ғимараттары мен құрылыштары;

6) техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмыстарды жүргізуге қажетті механизмдері, көлік құралдары, технологиялық жарақтау құралдары, қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдары, бақылау және өлшеу құралдары:

тиісті жұмыс түрлерін орындауға арналған құралдары, механизмдері мен құрылғылары (монтаждау шығыры, слесарлық құрал-сайман, бақылау-өлшеу аспаптарының жинағы, биіктікегі жұмыстарды жүргізуге арналған жеке қорғаныс құралдары);

7) авариялық-диспетчерлік қызметі:

мамандарға еңбек шарттары және бұйрықтар (екі электр механигінен кем емес);

меншік құқығындағы немесе жалға алу шарты бойынша көлік құралы;

меншік құқығындағы немесе жалға алу шарты бойынша диспетчерлік бақылау пункті;

8) занды тұлғада техникалық қызмет көрсету және (немесе) жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін техникалық құжаттары;

9) занды тұлғада мамандар мен жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау жөніндегі мамандандырылған ұйыммен жасалған шарты бар.

10. Бір немесе бірнеше қауіпті техникалық құрылғыларды (лифтілер, эскалаторлар, траволаторлар, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектерге) арналған көтергіштер) техникалық диагностикалау, техникалық куәландыру жұмыстарын жүргізу құқығына үміткер занды тұлғада мыналар бар:

1) Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы даярлаудан және білімін тексеруден өткен жоғары техникалық білімі бар кемінде бір маманы, орта техникалық білімі бар кемінде бір маманы;

2) жоғары техникалық білімі бар мамандардың жүк көтергіш механизмдерді, эскалаторларды, траволаторларды, мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектерге) арналған көтергіштерді монтаждаумен және пайдаланумен байланысты жұмыстарды атқаратын құрылыш саласындағы құрылымдық бөлімшелердің басшылары лауазымында жұмыс тәжірибесі және осы лауазымда кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар;

Орта техникалық білімі бар мамандар өздерінің еңбек қызметін жүк көтергіш механизмдермен, экскалаторлармен, траволаторлармен, мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектерге) арналған көтергіштермен байланысты жүзеге асырады және осылауазымда бір жыл жұмыс өтілі бар.

3) меншік құқығына немесе өзге де заңды негізге жататын өндірістік үй-жайлары, ғимараттары мен құрылыштары;

4) технологиялық жарактау құралдары, қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдары, лифтілерді, эскалаторларды, траволаторларды және мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектерге) арналған көтергіштерді техникалық куәландыру жұмыстарын жүргізуге қажетті құралдары:

бақылау сынақ жүктөрі;

бағыттаушыларды бақылауға арналған құрылғылары;

динамометриялық кілті;

бақылау-өлшеу аспаптарының жинағы;

жеке қорғаныш құралдары;

5) техникалық құрылғының түрі мен типіне байланысты әзірлеуші зауыттың техникалық құжаттамасы бар.